

«БЕКІТЕМІН»

«Зерделі» ақыл-ой дамыту  
мектебі» ЖШС директоры  
М. Мәуіт

2022 жыл.



**«Алтын түлек»  
математикалық олимпиадасын өткізудің  
ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже 10-11 сынып оқушыларының арасында жылда өткізілетін «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының (*әрі қарай - олимпиада*) мақсаты мен міндеттерін, өткізу тәртібін, ұйымдастыру кезеңдерін және әдістемелік нұсқаулықты қамтамасыз етуін анықтайды;

1.2. Олимпиаданы ұйымдастырушылар: өңірлік Дарын орталықтары және «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі;

1.3. Ұйымдастырушылар осы олимпиаданың мақсаттарының орындалуы мен принциптерінің сақталуына және барынша адал бәсекелестікті қамтамасыз етуіне жауапты. Егер қатысушылар әр кезеңде ашықтық пен адалдық сақтамаса, ол мектеп екі жылдық олимпиадаға қатысу құқығынан айырылады.

**II. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері**

2.1. Мектеп оқушыларының арасынан математика пәні бойынша ерекше қабілетті балаларды анықтау;

2.2. Жоғары сынып оқушыларын ғылымға баулу және педагогикалық, инженерлік-техникалық мамандықтарға қызығушылықтарын ояту;

2.3 Оқушыларды математикалық ұғымдарды талдауға, сыни тұрғыда ойлауға, күрделі есептерді шешуге дағдыландыру.

**III. Олимпиадаға қатысу шарттары мен өткізілу тәртібі**

3.1. Олимпиада алдын ала дайындалған жоспар бойынша өткізіледі. Олимпиаданың өткізу тәртібін Ұйымдастырушылар бекітеді.

3.2. Олимпиаданың өңірлік кезеңіне ақпараттық хатта көрсетілген сілтеме арқылы белгіленген күні мен уақытта 10-11 сыныптардың оқушылары қатыса алады.

3.3. Өткізілу барысы.

Олимпиада екі кезеңнен тұрады: **өңірлік және республикалық.**

**Өңірлік кезең**, қараша айында (Астана уақытымен) өткізіледі. Оқушылар олимпиадаға мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің ақпараттық хатында көрсетілген сілтеме бойынша қатысады.

Олимпиаданың тапсырмалары жалпы екі бөлімнен тұрады. Берілетін уақыт - 60 минут, осы уақыт аралығында әр бөлімдегі тапсырмаларды орындайды, тапсырмалар 100 ұпайдан тұрады.

**Бірінші бөлім.** Тест жұмысы, 10 есеп беріледі, әр дұрыс жауапқа 5 ұпай, жалпы ұпай саны 50 .

**Екінші бөлім.** Бос орынды толықтыру, 10 есеп беріледі, мұнда оқушылар тек жауаптарын толтырады. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі, жалпы ұпай саны 50.

Өңірлік кезеңнен жоғары ұпай жинаған әр мектептен 2 оқушы республикалық кезеңге жіберіледі.

**Республикалық кезең**, желтоқсан айында (Астана уақытымен) облыстық білім басқармаларының қолдауымен өңірлердегі жоғарғы оқу орындарының базасында өткізіледі. Олимпиаданың тапсырмалары үш бөлімнен тұрады. Үш бөлімге берілетін жалпы уақыт - 100 минут, осы уақыт ішінде әр бөлімдегі тапсырмаларды орындау арқылы қатысушы 100 ұпай жинауы қажет.

**Бірінші бөлім.** Тест жұмысы, 10 есеп беріледі, әр дұрыс жауапқа 3 ұпай (I, II кезең үшін 5 ұпай), жалпы ұпай саны 30.

**Екінші бөлім.** Бос орынды толықтыру, 10 есеп беріледі, мұнда оқушылар тек жауаптарын толтырады. Әр дұрыс жауапқа 3 ұпай беріледі, жалпы ұпай саны 30.

**Үшінші бөлім.** Шешу, дәлелдеу, есептеу. Бұл кезеңде қатысушыларға 4 есеп беріледі. Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен есептеледі (жалпы ұпай саны 40).

3.4. Олимпиада мемлекеттік тілде, 10-11 сынып оқушылары арасында өткізіледі.

3.5. Олимпиадаға қатысу тегін, оқушылардан қаражат жиналмайды.

Олимпиада тапсырмалары авторлық, интернет желісінде және т.б ақпарат көздерінде жарияланбаған. Ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, сапалы құрастырылады.

#### **IV. Марапаттау**

4.1. Өңірлік кезең іріктеу кезеңі болып табылады, жеңімпаздары республикалық кезеңге өтеді, марапатталмайды.

4.2. Олимпиаданың республикалық кезең жеңімпаздары өңірдегі «Дарын» орталықтары мен «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің I, II, III орын иеленгені үшін дипломдармен және **бағалы сыйлықтармен** марапатталады және жоғарғы оқу орындарының гранттары табысталады. Сонымен қатар, олимпиаданың қорытындысы бойынша мектептерге командалық нәтижесі негізінде «Басжүлде» мен I, II, III орындар беріледі.

## V. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті

5.1. Олимпиаданы өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті құрылады.

5.2. Ұйымдастыру комитеті олимпиаданы өткізеді, өтінімдерді қабылдайды, қатысушылардың тізімін жасап, қазылар алқасының құрамын анықтайды.

## VI. Олимпиаданың қазылар алқасы

6.1. Қазылар алқасы төрағадан, мүшелерінен және хатшыдан тұрады. Қазылар алқасының құрамына алдыңғы қатардағы отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ғалымдары, бұрынғы халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары енеді. Қазылар алқасының құрамына Олимпиаданың кезеңдеріне қатысатын оқушылардың мұғалімдері енгізілмейді;

6.2. Олимпиаданың әр кезеңдерінің тапсырмалары мәтінінің соңғы нұсқасын әзірлейді және құрады;

6.3. Берілген тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, міндеттердің нақтылығына және олардың олимпиаданың тиісті кезеңінің талабына сәйкестігіне жауап береді;

6.4. Олимпиаданың кезеңдері өткенге дейін тапсырмалардың құпиялығына жауап береді;

6.5. Қазылар алқасының төрағасы тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдері бойынша ұсыныстарын қабылдап, тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді және олимпиаданың регламентін әзірлеу жөніндегі қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады;

6.6. Жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды тапсырмаларының авторлық шешімімен және жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;

6.7. Қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

6.8. Жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін ұйымдастыру комитетіне ұсынады;

6.9. Олимпиадаға қатысушылармен орындалған тапсырмаларды талқылауды және үйлестіруді жүргізеді;

6.10. Апелляцияға берілген өтінімдерді қарастырып, соңғы шешім шығарады;

6.11. Ұйымдастыру комитетімен бірлесе отырып, отандық немесе шетелдік жоғарғы оқу орындарына түсуге қабілетті оқушыларды анықтайды.

6.12. Ережені бұзғаны туралы кез-келген мәлімдеме немесе күдік туындаса, қазылар алқасы төрағасының назарына жеткізеді. Егер ол фактілер бар деп санаса, тексеру үшін комитет құрылады. Комитет қазылар алқасына өз тұжырымдары туралы хабарлайды. Қазылар алқасы ереже бұзушылықтың орын алғаны анықталған жағдайда, қандай шара қолдану керектігін шешеді. Ықтимал шараларға жеке қатысушыны немесе бүкіл команданы олимпиададан шеттету жатады. Қазылар алқасы қорытынды шешімді қабылдайды.